

ӘОЖ 340.141 (574)

Д.А. Турашбекова

Еңбек және Әлеуметтік қатынастар Академиясы, з.ғ.к., доцент, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail. Dari_03@mail.ru

Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдау жолындағы саяси-құқықтық іс-әрекеттері мен көзқарастары

Мақала Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдау жолындағы саяси-мәмілелік, құқықтық іс-әрекеттері мен ой-пайымдарын ғылыми талқылауға арналған. Көрші мемлекеттермен әскери, мәмілелік, құқықтық қарым-қатынастары баяндалады.

Түйін сөздер: бодандық, әскери-мәмілелік қарым-қатынастар, саяси-құқықтық хал-ахуал, мәмілелік қызмет, саяси таңдау.

Д.А. Турашбекова

Политико-правовые действия и взгляды хана Абулхайра в ходе принятия Российского подданства

Статья посвящена политико-правовым действиям и взглядам хана Младшего жуза Абулхайра в ходе принятия российского подданства. Излагаются военные, дипломатические, правовые взаимоотношения с соседними государствами.

Ключевые слова: подданства, военно-дипломатические взаимоотношения, политико-правовое положение, дипломатическая деятельность, политический выбор.

D.A. Turashbekova

Political and legal actions and views Abulhair Khan during the adoption of Russian citizenship

Article is devoted to the legal and political actions and views of the Little Horde Khan Abulhair during the adoption of Russian citizenship. Outlines military, diplomatic, legal relationship with neighboring countries.

Key words: citizenship, military and diplomatic relations, political and legal status, diplomatic activity, political choice.

XVIII ғасырда орталық шығыста халықаралық саясаттың негізгі күші Ресей империясының қолында еді. I Петр патша Үндістан мен Қытай, сондай-ақ өзге де ірі-кіші мемлекеттермен сауда жолдарын иемденуді жоспарлады. Осы жоспарын іске асыру жолында ол, барша Азия елдері мен жерлерінің кілті мен қақпасы қазақ елі, осы халықтың жері арқылы жүзеге асыра алатынын өз саясатына түйіндеді.

Ресей ерте ме, кеш пе көшпенді халықты өзіне бағындыратын еді. Себебі, көшпенді халықтың жерлері арқылы Орта Азияға саяси ықпал ету мүмкіндігі мен сауда жолы жатты.

I Петрдің Ресейді нығайтуға бағытталған реформалары мемлекеттің беделі мен қуатының

өсуіне ықпал етті. Бұл мезгілде Ресейдің сыртқы саясатында Қазақстан айрықша орын алды. Өйткені, I Петр қазақ даласын «шығысқа шығаратын қақпаның кілті» деп есептеді.

Сөйтіп, Қазақстан мен Ресей елінің саяси байланыстары I Петр патша тұсында нығайды. Қазақ даласының жері арқылы Ресейден Орта Азия мен Сібірге сауда-саттық жолдары өтті. Бұл жолдарда ортаазиялық көпестер керуендері жүрді. Олар сауда байланысында Ресей мен Қазақстан арасында делдалдық қызмет атқарды. Жалпы, I Петр өзінің шығыс саясатында қазақ жеріне өте көп маңыз берді.

Орыс патшасы, сондай-ақ қазақ хандары сауда мәселесінің дамуына мүдделі болды. Мыса-

лы, 1687 жылы Тәуке хан өз елшілігін жібере отырып, былай жазған: «Подданным людям надобно покой, и послы и торговые люди меж нами ездили, добрая слава меж нами хорошая будет».

Қазақстанның Ресей елімен сауда қатынастары жылдан-жылға, дәуірден-дәуірге өрлей берді. Тек, І Петр өлімінен кейін қазақ хандарымен орыс елінің арасындағы келіссөздер тоқтап қалды. Бұл келіссөздер XVIII ғасырдың 20-30-шы жылдарында қайта жаңғырды. Аталмыш дәуірге лайық қазақ елі өте ауыр саяси хал-ахуалда болды. Сырттан әскери шапқыншылық, бұнымен қоса ішкі өзара алауыздық қақтығыстары қалыптасты. Моңғол мен Тарбағатай аймағында орналасқан күшті әскери одақ жоңғарлар XVII ғасырдың бас кезеңдерінде қазақ даласына әскери шабуылдарын көбейтті. Әсіресе, 1723-1727 жылдар аралығындағы қақтығыстар қазақ халқының тағдырында есте қалатын із қалдырды.

Осы тарихи тұрғыдан, қазіргі кезде қазақ халқының хандарының бірі Әбілқайыр ханды Ресейге қосылуға итермелеген қандай себептер деген сауалдың төңірегінде бірыңғай жауап кездеспейді. Өртүрлі көзқарастар орын алады. Бір зерттеушілер, Әбілқайырдың Ресейге қосылу себебін, баққұмарлыққа негіздейді.

Ең дұрысы, біздің пікіріміз бойынша, Тәукенің жолын қуған, халық мұрасын шашыратпауға тырысқан Әбілқайыр саясатының мәні – қазақ халқының ұзақ соғыстан қалжырауы, жоңғар, еділ қалмақтары, башқұрт халықтарының қысым көрсету саясаты, дағдарысқа ұшыраған шаруашылық, жүз ру арасындағы таққа таласқан төре тұқымдары. Осы айтылғанның бәрінің таразыға салынуы. Міне, Кіші жүз ханы Әбілқайыр кезіндегі ішкі және сыртқы саяси-әлеуметтік жағдай өрісі осындай еді. Осындай күрделі мәселелерді шешуде солтүстіктегі қуатты көрші елі Ресеймен татутәтті қарым-қатынас орнату қазақ халқы үшін, яғни оның ішінде көрші елдердің тынымсыз шабуылынан мазасы кеткен Кіші жүз ханы Әбілқайыр үшін кең байтақ қазақ даласында тыныштық орнатудың кепілі ретінде көрінді.

Тарих арнасының ақиқат шындығына кеңірек тоқталсақ. XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамының саяси жағдайы аса ауыр халде болатын. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайының әлсі-

реуіне ықпал еткен мән-жайлар – көршілес елдердің қазақ халқының жеріне көз алартуы еді.

Ресей бодандығына кіру оған, жоңғар империясының әскери және саяси үстемдігін женудің бірден-бір жолы болып көрінді, әрі қазақ қоғамының бірыңғай біртұтас мемлекетін құруға жол ашылады деп топшылайды. Осыларды жүзеге асыру мақсатында Әбілқайыр хан тарихи ауыртпалықты және жауаптылықты өз мойнына алды. Ханның ой-пайымдары орыс патшаға жазған хаттарынан анық байқалады.

Дегенмен, Әбілқайыр ханның бұл саяси жолы қазақ даласының сұлтандар әулетінің бекзаттарының ызалануы мен қарсыласуына қақтығысты. Себебі, Әбілқайыр хан Ресей империясына арқа сүйеу арқылы өз ықпалын күшейтуді, қазақтың үш жүзін түгел бағындырып, бір орталықтан басқарылатын билік жүйесін орнатуды, сөйтіп сол билігін балаларына сайлау жолымен емес, мұрагерлік жолымен қалдырып отыруды көксеп отырғанын олар сезген еді.

1730 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей мемлекетіне қазақ елін қамқорлыққа алу термині ретінде «бодандыққа» алу туралы өтініш білдірді [1, 47-48 бб.]. Қамқорлық – ірі мемлекеттің кіші халыққа көрсеткен ағалық мейірімділігі сияқты. Осыған сәйкес қазақ халқының дарынды тарихшысы Е. Бекмаханов «қазақ елінің Ресейге бағыныштылығын ағаның ініге қамқорлығы іспеттес дей келе, Ресей патшасы Анна Иоанновнаның ірге тасында (подданство) бодан болу деген термин қолданылған. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде бұл сөздің мағынасы қазіргіден бөлек. Ол кезде «подданство» деген сөзді қамқорлық деп түсінген, яғни бұл сөзді өзіне қаратып алу немесе отарлау деп түсінбеу керек», – деп жазған [2, 107 б., 122-129 бб.]. Осыдан Әбілқайырдың бодандықтың құлдықтан айыра білгендігінен қазақ халқын өзге мемлекетке басыбайлы құлы қылып бермеген. Хан орыс құжаттарында өзін «құл» деп атауына қарсы тұрды.

Бодандық сөзі сол кездегі қалыптасқан ұғым бойынша, кез-келген екі елдің арасындағы одақтастық шартта әлсіздеуі күшті мемлекетке кіруі. Бодандықты нақты бағыныштылық деп есептемеген.

Бодандықтың мәнін Әбілқайыр шығыс дәстүрінде түсінді. Ресейді бүгін «сюзерен»

ретінде танығанымен, күш жинап, ес жиып алғаннан кейін одан бас тартуға болады деп ойлады [3, 82-83 бб.].

Башқұрт, қалмақ, Жайық орыс-казактарының қазақ жеріне шабуылдары тоқтамайтынын Әбілқайыр хан ұқты. Сондай-ақ, патша бодандығын қабылдаған жағдайда хан құр қол қалмайтынын да ескерді.

Кіші жүз ханының орыс бодандығына өту жөніндегі шешіміне Бөкенбай, Есет, Құдайназар атты белді азаматтар қолдау көрсетті. Олар дініде, тілі де жат елдің мәңгілік бодандығында болуға ұмтылушылықтан емес, халқым аман болса, бір мәнісі болар деген қағидада болды [4].

Қалай десек те, Әбілқайыр Ресеймен бейбіт қарым-қатынасты нығайтудың қажет екендігін білген әккі билеуші. Ол тек өзінің ғана қара басының қамын ойламаған, оның орыс патша бодандығына кіру себептерін жоғарыда талқылаған едік. Яғни, еркіндікті ту еткен ол ешқашан да өз еркімен бодандыққа бармағаны айдан анық болды. Халқын сақтап қалудан туған шаралар мәжбүрлік етті.

Ресеймен қарым-қатынасты дамытудың тағы бір негізгі себебі – сауда мәселесі еді. Бұл екі жаққа да мүдделі болатын. Өйткені, Ресей патшасы қазақ жеріне кіре отырып, орыс тауарларын өткізетін базар немесе сауда орталықтарын кенейтсе, ал қазақ халқына осы арқылы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тұтынатын орыс тауарларына, саудаға деген құштарлықтарын артта түсетін еді.

Жан-жақтан қаумалаған жаулардың ортасында қалған Кіші жүз ханы Әбілқайыр бір орталыққа бағынатын қазақ хандығын қалпына келтіруді көздеді. Ол үшін әуелі орыс бодандары – башқұрт халқының, Еділ қалмақтарының, Жайық орыс-казактарының шапқыншылықтарын тоқтату мақсатында Ресейден әскери көмек алу. Сонда барып қазақ халқының басы бірігіп, орда тігер деп үміттенді [5].

Әрине, жоңғарлардың әскери күш-қуаттығы қазақ халқының әскерінен әлдеқайда жоғары еді, себебі, олар Қытай халқымен шайқасқан шайқастарда көптеген тәжірибе алды. Жоңғарлар көптеген қазақ жұртын қырды, қалғанын құлдыққа айналдырды. 1723 жылы жоңғар қонтайшысы Сыбан Раптанның басқаруымен жоңғар әскері қазақ халқының жеріне баса

көктеп кірді. Бұл жыл «Ақтабан шұбырынды» жылының басталуы еді. 1725 жыл шамасында жоңғарлар Сайрам, Түркістан және Ташкент қалаларына жақындады. Бірнеше уақыт кешірек оңтүстік-батыстан Орта Азияға парсы шахы Нәдірдің әскері келе жатты. Орта Азияның бірнеше қалаларын жаулап алған парсылар Бұқараға жақындап қазақ халқының оңтүстік аймақ қоныстарына қауіп төндірді. Батыс аймақтарында қазақ халқы қалмақтармен, сондай-ақ, башқұрттармен қан майданда күш сынасқан. Сонымен қатар, Орал мен Сібір казактарымен де әскери қақтығыстарда болған.

Қазақ халқының алдында үлкен мәселені шешу – жоңғар шапқыншылығына қарсы тұру, қазақ халқын аман алып қалу. Осы арада бізге мәлім Әбілқайыр күш-қуаты орыс империясына көңіл бөледі. Ресейге бодан болу саяси жолының инициаторы болған Әбілқайыр, бұл қадамды жасау барысында өзінің хандық билік өкілеттілігін асыра қолданғаны тарихи құжаттарда дәлелденген. Тек қазіргі кезде ондай саяси факторларды дұрыс бағалап түсіну керек. Себебі, Әбілқайырдың осындай данышпандық саяси шешімінің нәтижесінде Қазақ халқы өз ұлтын сақтап қалды. Өзінің елшілігін Анна Иоанновнаға жібере, ол өзін Орта және Кіші жүз ханы деп атайды. Әбілқайырдың нұсқауларын орындай келе оның елшілігі өзге хандарды таныстыра «все оные ханы, кочевые и городовые, послушны главному Абулхаир хану» – деп Сыртқы істер алқасына баян етті.

Кіші жүз өлкелік жағынан да Ресейге жақын орналасқандықтан кейбір сауда және шаруашылық байланыстары болған. Орыс өкіметі бірінші орынға қазақ халқының Жайық казактарымен, башқұрттарымен, Еділ бойы қалмақтарымен тату-тәтті өмір сүруін қамтамасыз етуді қойды. Яғни, олардың арасындағы әскери қақтығыстарды тоқтатуға тырысты. Қазақ хандарына сауда-саттық керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талабы қойылды. Қазақ феодалдарының сауда-саттық керуендеріне араласуы оларға көп мөлшерде пайда алып келді. Олар өздерінің қоныстары арқылы өткен керуендерден баж (пошлина) алуымен қоса, орыс өкіметі оларға керуендерді алып жүргені үшін ақы төледі.

Сонымен, тарих арнасынан байқағанымыздай, Қазақстан – Ресей халық арасындағы са-

яси дипломатиялық қарым-қатынастарының тамыры терең, олар қарқындылық сипатқа ие және оның мемлекетаралық қатынастарының шарттық-құқықтық базасы бар. Ол – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың 1731 жылы Ресей империясымен жасасқан тарихи-құқықтық маңызды құжат. Бұл Қазақстан мен Ресей әріптестігінің қарқынды өрбеуінің бұлақ көзіне айналды.

Қазақ халқы ұзақ ғұмыр бойы көрші елдермен көз жұмбай қан майдан алаңында шайқасқаны мәлім. Әсіресе жоңғар, башқұрт халықтарымен шайқаста қазақ халқы маужырап қалды. Қытайлықтардан талқандалған жоңғарлардың шабуылдары кейіннен барып тоқтатылды. Олай болса, 1731 жылғы Актінің құқықтық маңыздылығы мынада – жоңғарлармен қоса, Еділ бойы қалмақтарға, Жайық казактарға, башқұрттарға орыс өкіметінің тарапымен

арнайы елшіліктер арқылы қазақ халқына шапқыншылық жасауға тиым салынды.

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап-ақ ежелгі көршіміз Ресей елімен тығыз дипломатиялық қарым-қатынасты үзбей жалғастыру жолындамыз. Бір айта кетерлігі, сол тарих арнасында мәңгі ізін қалдырған құқықтық құжатқа қол қойылғалы бері саяси-экономикалық бағыттағы жобаларды жүзеге асыруда Қазақстан мен Ресей тонның ішкі бауындай бір-бірімен тығыз саяси-дипломатиялық байланыста жұмыс істеп келеді.

Қазіргі таңда көптеген ғылыми еңбектерде Ресей халқы Қазақстанды өзінің басты одақтасы әрі іскер әріптесі ретінде бағалайтынын байқаймыз. Әрине, бұл тұста «Әбілқайыр ханның саяси дипломатиялық кеменгерлігінің нәтижесі» – деп айтуға да болатын шығар?!

Әдебиеттер

- 1 Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата: Қазақстан, 1982. – 279 с.
- 2 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М.: Ан СССР, 1957. – 341 с.
- 3 Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 240 б.
- 4 Хасенов Ә. «Қазақ тарихының 5000 жылдық баяны» – күллі түркі әлемінің де шежіресі // Қазақ әдебиеті. – 1998. – 21 тамыз.
- 5 Есмағамбетұлы К. Бопай ханым // Ана тілі. – 1999. – 18 қараша, 2 желтоқсан.

References

- 1 Shoyynbaev T.J. Voluntary integration of the Kazakh lands in Russia. - Alma-Ata: Kazakhstan, 1982 - 279 p.
- 2 Bekmahanov E.B. Kazakhstan's accession to Russia. - M.: USSR Academy of Sciences, 1957 - 341 p.
- 3 Esmagambetov K.L. Қазақтар Szetela әдебиетінде. - Almaty Kazakhstan Atamura-, 1994 - 240 b.
- 4 Khasenov A. «Essay on 5000 year history of the Kazakhs» - a collection of the world of the ancient Turks // Kazakh literature. - 1998 - 21 August.
- 5 Esmagambetuly Mrs. K. bop // Native language. - 1999 - November 18, December 2.